



VIII Республиканский конкурс сочинений на патриотическую тему, посвященную **25**-летию Независимости Республики Казахстан

Жамбылская область

1. Аманжол Гүлнұр	2
2. Асқарбекұлы Аят	5
3. Бейсенова Диана	9
4. Ермұхамбет Арай	12
5. Жұмабек Аяулым	15
6. Құрманәлі Маржан	19

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Аманжол Гүлнұр

11-сынып оқушысы Жамбыл облысы,
Тұрар Рысқұлов ауданы
Т. Рысқұлов атындағы орта мектеп
Жетекшісі: Мәмбетиярова Роза Арыстанбайқызы

Тәуелсіздік – нұрлы тағдыр, елдігім

Халқымның сан ғасырлық ғұмыры да,
Уақыттың жүк болмапты жұмырына.
Армысың, Азаттығым, қыран қанат,
Қалықтап қайта қонған тұғырына.
Кең ашып берекене есігінді,
Түзетіп, тербете біл бесігінді.
Сан ғасыр бұршақ салып мойыныңа
Құдайдан күтіп едің осы күнді.
Несіпбек Айтұлы

Еліміз егемендігін алып, еңсемізді көтеріп, Тәуелсіздік тойын тойлап келе жатқанымызға да 25 жыл болыпты. Осы 25 жыл ішінде біз толағай табыстарға жеттік, қазақ елін әлем таныды: Қазақстан бүкіләлемдік деңгейдегі дамыған елдердің қатарында көрініп келеді. Біз тәуелсіздік тұғырын бекіте түстік, жарқын болашаққа сеніммен қарайтын заманға қадам бастық. Осындай жарқын заманға жету бізге оңай болған жоқ. Зарықтырып жеткен Тәуелсіздік жолының соншама шырғалаң, сондай бұралаң әрі соншама ұзақ болғанын жұрт жақсы біледі. Елдің басына не келіп, не кетпеді дейсің! Опық жесек, қорлық көрсек, аңқаулығымыздан, жікшілдігімізден көрген елміз. Оның айқын мысалын VIII ғасырдағы Күлтегін ескерткіштерінен оқимыз:

«Ей, түрктің бектері, халқы! Сендер таққа кіріптарсыңдар, алауызсыңдар. Әкелі-баланың ымырасыздығынан, ағалы-інілінің дауласқандығынан, бекті- халқының жауласқандығынан, дұшпаныңның сөзіне алданғандығыңнан, қағаныңнан, қағандығыңнан, елдігіңнен, төріңнен айырылды. Жер-жерге босып сандалдың. Біресе ілгері шаптың, біресе кері шаптың, сонда не таптың? Бек ұлдарың құл болды, пәк қыздарың күң болды. Түрк бектері, халқы өкін!»

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Сай-сүйегінді сырқырататын осы сөздерді бабаларымыз мәңгі өшпестей етіп жүрегiнiң қанымен, көзiнiң жасымен осылай тасқа қашап жазып кеткен. Ел тағдыры, ер тағдыры сынға түсіп тұрған шақта мұны ұмытуға болмайды. Ұлтарактай жер үшін ұлы бабаларымыздың қаны төгілді. Қаншама арыстарымыз тар қапаста көз жұмып, құны сұраусыз кетті. Жігеріміз құм болып, жұртымыз құл болды.

Жалпы, әлемде кіндік қаны тамған туған жеріне, ат жалын тартып өскен еліне шексіз ынтық бір ел бар болса, ол, әрине, қазақ елі. Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ елі өзінің туған жерінен қоныс аударып үдере көшуге мәжбүр болған кездері көп болған. Көшкен халықтар мен көшпеген адамдардың көрмеген қорлығы жоқ. Тек тәуелсіздік алған кезден бері қарай қайтадан ел болып еңсемізді тіктеп, жұрт айта беретіндей, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды. Сөйтіп азаттықтың ақ таңы атып, сан ұрпақ сан мындаған жылдар аңсаған, бірақ, жете алмаған арманға жеттік. Сондықтан да бұрын-соңды өмір сүрген ұрпақтардың ішіндегі ең бақыттысы біз деп айтсақ болады.

Басымыздан бақ тайған, қан жылаған зар заманымыз моңғол, жоңғар шапқыншылығынан бергі бес ғасыр, Ресейге бодан болған үш ғасыр, әсіресе, соңғы үш ғасырда, империя құрамындағы 70 жылда қазақ жаппай репрессияға түсті, ар-ожданы тапталды. Қазақтың «Елім-ай» деп қасірет шеккені, Қазтуған жыраудың: «Қайран да менің Еділім» деп қабырғасы сөгілгені, Бұқар жыраудың күңіренгені, Махамбеттің: «Еділді келіп алғаны – етекке қолды салғаны, Жайықты келіп алғаны – жағаға қолды салғаны» деп кек қайрағаны, Мұрат ақынның «Әдіра қалғыр Үш Қиян» деп күйзелетіні осы түс еді.

Қазақ халқының басына дәурен ХХІ ғасырда қайта оралды. Түсімізге кірмеген тарихи бақытқа ие болдық, сан мың ұрпақ жете алмаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бас-аяғы 15 жылда заман, қоғам өзгерді, адам өзгерді, ой-сана өзгерді; мемлекеттігіміз қалыптасты, экономикамыз нығайды, демократия орнықты, бізді әлем таныды.

Ендігі ұрпаққа Қазақстанда тұру да, туу да бақыт. Қазаққа бақыт қайта қонғанда, тарих бізге тағы да үміт артып отырған кезде, әлі де жетіліп үлгермеген «адам құқығы», «ашық қоғам», «сөз бостандығы», «демократия» дейтін ұрандарды алаулатып, жалаулатып, біртұтас халқымыздың ынтымағын жоғалтып алмауды мықтап ойланғанымыз жөн.

Бізді сырттан келіп ешкім жарылқамайды, жарылқаса қазақты қазақ қана жарылқайды. Біз енді тәуелсіздігімізді сақтап қалу үшін, оны баянды ету

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

үшін өмір сүруіміз керек, Ел қамы, халық тағдырына қатысты істерде пейішке де, тозаққа бірге кіруге тиіспіз. Ұлы Дала алдындағы жауапкершілік біздібүгін осыған шақырып отыр. Тарихқа есесі кеткен халқымыздың бүгінгі тағдыры бізден қажет етіп отыр.

Тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде Қазақ елінің қадір-қасиеті төрткүл дүниеге танылып келеді. Сол сүттей ұйыған бірліктің арқасында бас-аяғы жиырма бес жылдың ішінде еліміз ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтарды жасап үлгерді. Сол баға жетпес жауһарларымызды қазір қағазға түсіріп, том-том кітап етіп шығару үстінде.

Тәуелсіздік таңы атқалы аз ғана уақыт ішінде Қазақстанда адам айтса нанғысыз таңғажайып шаруалар істелді, небір биік асулардан астық. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастауымен қолға алынып, аса қысқа мерзім ішінде жүзеге асқан, дүниені таң қалдырған талай өзгерістер мен жетістіктерді бүкіл әлем мойындайды. Әрине, бұл күнде Қазақстан әлем халықтарының назарында.

Бейбіт күн көздерінен бұлбұл боп ұшқан талай елдердегі келеңсіз қырғи қабақты теледидардан көріп-біліп отырғанда, баянды бейбітшіліктің, тұрақтылықтың, байыпты саясаттың эпицентрі іспетті туған елімізді тіл-көзден сақтай гөр деп қысқа күнде қырық мәрте тәуба айтамыз. Байсалды саясат жүргізіп, халқымызды ашық аспан астында маңдай терін күніге бес сыпырып, адал еңбекпен шұғылданып, бақытты өмірге өріс беріп отырған Елбасының даралығына сүйсінесің!

Бабаларымыздың: «Бақыт қайда барасың? Ынтымағы жарасқан елге барамын» деген сөзі бүгінге қалдырған өсиет үлгісіндей. Бізге бүгінгі күнде ең керегі – сол бабалар өсиет етіп кеткен ынтымақ пен бірлік. Ынтымақ кеткен жерден байлық кетеді, бірлік кеткен жерден береке кетеді. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, тізе қосқанымыз жөн болады. Қазаққа осы ғана жарасады.

Ендеше ынтымақты ту етіп қол жеткізген Тәуелсіздігіміздің тағдыры нұрлы болғай!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

**Асқарбекұлы Аят,
Абай атындағы №26 орта мектебінің,
Жамбыл облысы, Тараз қаласы 11-сынып оқушысы
Жетекшісі: Смаилова А. М**

Мен-тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағымын

Тәуелсіз 25 жыл!
Туыңды биік ұстадың.
Көтерді халқың уақыттың қатал қыспағын.
Көшінді бастап бақытты болашағыңа,
Жасай бер, жаса,
Тәуелсіз Қазақстаным!

Иә, осыдан жиырма бес жыл бұрын Қазақ елі өз тәуелсіздігін жариялап, өз тарихымызбен алғаш рет, жалпақ дүниеге танылды. Демократиялық, құқықтық мемлекет атанып, нарықтық экономика жолына түстік.

Осы жылдарда халқымыз қазақ екендігін түсінді. Қазақ қазақты таныды. Ең әуелі өзімізді өзіміз таныдық. Аламан дүниедегі есімізді, еншімізді, несібеімізді білдік. Тәуелсіздік қазақ ұлтының өзін, ата-дәстүрін, салтын табуына жол ашты.

Қазақстан тәуелсіздігі дегенде, тарихтың бәрі ойға оралады. Сол кезде көз алдымызға ғасырлар бойы бодандықтың бұғауынан құтыла алмай жанталасқан еліміз, «Абылай», «Алаш» деп жауға қарсы шапқан батырлары келеді.

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінер ме екенбіз.
Күдіреден бау тағып,
Ақ кіреуке киер ме екенбіз!

деп Ақтамберді жырау «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» заманды аңсаған екен. Бірақ сол бостандыққа қазақ елінің ұзақ уақыт қолы жетпеді. Өйткені, азаттық үшін күрес ғасырлардан жалғасып, тіпті, кешегі кеңестік билік заманның сұрқия саясаты кезінде де жүріп жатты. Қазақтың бас көтерер азаматтарын баудай түсірген сол бір қысылтаяң шақта «ұлтым» деген азаматтар қара басын қорғамай, халқы үшін күресе білді. Ұзаққа созылған отаршылдық құрсауын бұзып, орталық алаңына шыққан қазақ жастары бұдан әрі ұлт намысын аяққа таптатпайтынын әлемге айғақтап, ұлтымыздың мақтанышына айналды. 1986 жылы 16 желтоқсанда тоталитарлық режимге үнсіз шыдап келген халқымыздың қарсылығы лықсып келіп, жастар қозғалысына ұласты. Желтоқсан оқиғасы – қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы саналы күресі болып танылды.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Сонау бір өткен күндерде еңку-еңку жер шалып, егеулі найза қолға алып, жолбарыстай жортқан Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай бабаларымыз егенмендік үшін күресті.

Аз ғұмырын ой мен арманға толтырып, қазақ аспанында құйрықты жұлдыздай ағып өткен жас Шоқан мен осынау байтақ өлкеде оқу-білімді шырақтай маздап жандырған Ыбырай халықтың келешегі емес пе еді!

Атадан ұл туса-игі
Ата жолын қуса игі,

- деген Төле би бабамыз. XV ғасырда алғашқы хандарымыз Жәнібек пен Керей халқымыздың ұлан-ғайыр өлкесіне сұқтана қарағандардан ата-бабаларымыздың көздің қарашығындай сақтап, ұлтарактай жерді ұрпағына қалдыру үшін бүкіл ғұмырын ат үстінде өткізген жоқ па? Халқын соңынан ерткен ер Қасымның тұсында да ел тағдыры әрленді емес пе? Қазақты қалың малсыз қалыңдыққа, бағусыз байлыққа бағындырған, ірілік елдің басын қосып, жауын жеңген тұлға Абылай еді. Халықтың ерік-жігерін тас түйін бірлігі Абылай ханның бір басында бейнеленді. Батырлармен тізе қосып, қаһармандықтың ерліктері сонау қатыгез заманда, қазақ руын қайта түлеткені аян. Кешегі бүкіл қазақ жеріне дүркіреген Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлап, хандықтың туын тіккен қасиетті, киелі Тараз жерінде өткен дүбірлі тойдың өтуі, кешегі бабаларымызды еске алып, келешегімізге сабақ болатындай атап өтілуі тарихқа жасалған тағзым емес пе?

Ал, бүгінде қазақ халқы аңсаған арманына жетіп, өз еркіндігімен өркениетті елдердегідей демократиялық жүйеде дамып келеді. Ел басқару тізгіні қазақтың кім екендігін әлемге паш еткізген, қазақстандықтардың жаңаша өмір сүруіне ел-жұртын жұдырықтай жүрегіне сыйғызған, жүзден астам ұлт пен ұлысты қыран қанатының астына алып, қамқорлық көрсетіп, жауапкершілігі мол қызметті атқарып отырған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолында.

Қасиет дарыған жердің түп қожасы кім деп сұрақ қою қазір артық, әлем жұртшылығы бұл сауалдың тоқетер жауабын кеңістік дәуірде ұғынбаса да, тәуелсіздік алған жиырма бес жыл әбден қанығып болған.

Менің Қазақстаным – әуелі «Мың өліп, мың тірілген» қазақтың ежелгі тарихи мекені, құт-береке дарыған, ата-баба қанымен суарылған, шашақты найзасымен қорғалған асыл аймағы.

Менің Қазақстаным – шалқыған шалқар теңізі, тау-тау толқындары аударылып-төңкеріле буырқынған мұхиты болмаса да, жәнат дариясы бар, мыңғырған төрт түлік малы бар, жер қойнауы толы Менделеев кестесіндегі элементтерге бай жер.

Бүгінгі берекелі, болашағы мерекелі өлке.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Құлағыма өткен тарих тереңінен «елім-айлап» кеткен ата-бабамыздың зарлы үні келеді. Көздерінен қанды жас ағып, елімен, жерімен қимастықпен қоштасып, қаншама қазақ туған елінен, туған жерінен айырылды. Бүгінгі күні солардың ұрпақтары елге оралуда.

Бостандық – бар байлықтың бастауы демекші, еліміздің егемендігін алып, өз алдына мемлекет құруы барысында талай қиыншылықтар да, жетістіктер де болды. Келген тәуелсіздікті қорғап қалу, оны өміршең ету ел басында тұрған азаматтардан үлкен саяси алғырлық, көрегендік және қажыр-қайраттылықты талап етті. Тәуелсіздік әуелі сол азаматтардың басына сын еді. Егеменді ел болдық деп бүкіл әлемге танылған халық басында Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев атамыз тұрды. Ел өмірінің өткір де өтпелі кезеңінде қазақ деген үлкен көшті басқару билігінде Елбасындай қырағы да табанды саясаткердің болуы қазақ халқының бағы деп санаймын. Біздің ел сияқты жұтылып кете жаздаған жұрттың, ұтылып келген ұлттың ұпайын түгендеп, асығын алшысынан қою екенің бірінің қолынан келетін шаруа емес. Мұншалық салмақты міндет тағдыр пешенесіне жазған жанға ғана жүктеледі. Ал, біздің Қазақстан сияқты ел боламыз деп жығылып тұрып алға ұмтылған ел үшін кейде нар тәуекелге басқан ширақ қадамдар жасау керек еді. Осы жолда Елбасының алдында тарихтың тайғанақ тар көпірі тұрды. Одан Республиканы алып шығу үшін сол қыл көпірден өткенде қыл қисаймайтын саясат қажет болды. Қазақ халқының әрі қарай дамуының тұтқасы болған елді аяғынан тік тұрғыза білген осындай Елбасымыздың бар болғанына шексіз қуанамыз. «Қуана білмеген елге құт қонбайды» дейді екен бұрынғылар. Ал, ел болдық деп қуанатын шаруа аз емес. Қыраны күнді күшқан Туымыз күдірет емей немене, болмаса күлдіреуішінен ерлік пен елдіктің исі аңқып тұрған Елтаңбамыз қасиет емей немене, яки қасқайып шырқайтын Әнұранымыз өсиетемей немене?

Тәуелсіздік жолы – қасиет жолы. Оған шығар алдында адам баласы арын да, жанын да тазарту керек, рухани сілкініс керек. Сапарға шыққанда ата-бабаларымыз мойнына тұмар салғандай, біздің бойтұмарымыз, имандай қуанышымыз – еліміздің заңы, оның принциптерін сақтау парыз. Ал сол принциптердің негізі-тәуелсіздік. Ел бостандығы, ар бостандығы үшін жан пида екендігін жадымызда ұстауымыз керек!

Тәуелсіздік жолы – үміт жолы. Біз бостандық алған елден күтеріміз аз емес. Біз тәуелсіздікпен ең алдымен жас ұрпаққа жарқын егемендік – суверендіктен сусындап, игі мақсатының орындалуын күтеміз. Біз тәуелсіздікпен – кешегі социализм жариялап, толық іске асыра алмаған теңдікті, бостандық, еркіндікті, баршаға білім, денсаулығына қорған, кәрілігіне сая болуын күтеміз.

Ата-баба ерлігі – халық мұрасы, оның тарихы, оның мақтанышы. Ата-баба жолы – тәуелсіздік жолы, халық перзенттерінің ақ жолы.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Мен мектеп қабырғасында оқығандықтан болашағыма ой салдым. Әрине, қандай мамандық болсын қазақстан үшін қажетті. Бірақ ел қажеттісі журналист мамандығы деп есептедім де, журналист мамандығын қаладым. Елбасымыздың мынадай ұлағатты сөзі де бар: «Қазақстан болашағы – келешек ұрпақтың қолында, ұрпақтың тағдыры – ұстаздарда», тек өнегелі журналист арқылы тәуелсіз мемлекетіміз гүлдене алады. Осы арманымға мен тек еселі білімімінің арқасында жете алатыным анық. Елімнің ертеңі үшін аянбай еңбек ету, оқу оқып, білім игеру, егеменді тәуелсіз мемлекетіміздің ірге тасының берік болуы, ұлттар арасындағы ынтымақтастық пен достықты нығайту ең басты парызымыз деп түсінемін.

Тәуелсіздігім тұғырлы, еліміз егеменді болғай!-, деп тілей отырып, өзімнің жүрекжарды сөздерімді өлең жолдарымен білдіргім келеді.

Ту тігілді халқымның бүгін бағына,
Жас өрендер, желбіретіп, нық ұста!
Ғасырларға жалғастырып елдікті,
Дақ түсірме ата-баба арына!
Үлгі бізге аталардың ерлігі,
Ұлағатты, өнегесі, еңбегі,
Тәуелсіздік туын ұстап жоғары,
Бүгінгі ұрпақ-болар елдің ертеңі!

Ғасырдан-ғасырға жібек желі болып жалғасып келе жатқан бабалар аманатын орындап жалғастыру, біздің еншімізге тиген ардақты іс екенін жүрегімнен сезініп, мақтан етемін!

Жасасын халқым! Жасасын көк байрағындай көкке өрлеп бара жатқан менің елім! Тұғырың биік болсын, тәуелсіз менің Қазақстаным!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Бейсенова Диана

**11 сынып Облыстық Айша бибі атындағы
дарынды қыз балаларға арналған
мамандандырылған қазақ-түрік мектеп-интернаты,
Жамбыл облысы, Тараз қаласы**

Тәуелсіздік – қасиет тұнған ұлы ұғым

Барлық игіліктерден ең ұлы – Тәуелсіздік
У.Годвин

Тәуелсіздік...Осы бір сөз әр қазақтың жүрегін тербелтпей қоймайтыны белгілі.Бүгінгі шуақты күнімізге жету үшін ежелгі дәуірдегі сақтардан бастап, біздің бабаларымыз талай қиындық көрді емес пе?!Қазақтың: «Қаратаудың басынан көш келеді» деп зарлағаны; Қазтуған жыраудың: «Қайран да менің Еділім» деп қабырғасы сөгілгені;Мұрат ақынның «Еділді келіп алғаны – етекке қолды салғаны,Жайықты келіп алғаны – жағаға қолды салғаны» деп азаттықты жырға қосып,халыққа үн тастауы – Тәуелсіздік аңсаған елдің дауысы еді.Бүгінде сан ғасыр күресіп, бабаларымыздың қанымен қол жеткізген Тәуелсіздігімізге 25 жыл толып отыр. «Өткенін білмеген халықтың болашағы бұлыңғыр болмақ» демекші, арайлап атқан таңымыздың қалай туғанын әрбір қазақ баласының білгені дұрыс болар. Қазақ халқының небір қайтпас қайсар батырларының жасаған ерліктері тарихта алтын әріптермен жазулы. Елім, жерім деп жаудан ұлтарактай жері үшін, қаншама қазақ батырлары өз өмірлерін қиып,қанды щайқастарда қаза болды. Біз үшін қай замандағы тарихымыз да қымбат,өткен кезеңдерде ту ұстаған бабаларымыздың барлығы да құрметті. Исатай, Махамбеттер Ресей патшалығының озбыр саясатына қасқайып қарсы тұра білді.Сан зұламатты өткерген еліміз ұлт-азаттық көтеріліске келгенде де, тосылып қалған жоқ. Бұл күрестер азаттық үшін өткен сан күрестің соңы емес еді.Елін, жерін жау аяғына таптатпай, сол туған жерінің қарсы қадамы үшін басын өлімге тіккен аталарымыздың бойындағы ерен күш пен биік рухқа әр кез таңданамын.Аталарымыздың сол қасиеті елге- мұра,ұрпаққа- ұран болып келе жатыр. Ұлт-азаттық көтерілістер, Ұлы Отан соғысы мен желтоқсан оқиғалсы, соғыстың қатал сынағынан өткен жандардың жанқиярлық ерлігі арқасында біздің барлығымыз ашық аспанның астында өмір сүру бақытына ие болдық. Біз оны көрмегенмен, үлкендер мен апайларымыздың

**Үш Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

айтуларынан, теледидардағы деректі фильмдерден жақсы білеміз. Алматының алаңында өткен желтоқсан оқиғасының жазықсыз жаласына ұшыраған «қасқалдақтай қаны, бозторғайдай жаны» бар жаужүрек жас Қайраттай өр мінезді еріміз болды. Қайрат, Ләззат сияқты ержүрек аға-апаларымыздың желтоқсанның ызғарында жасаған ерліктері мен олардың аттарын айтпай кетуге болмайды. Тас қараңғы қамалда Қайрат ағамыздың жазған өлеңдерін оқығаныңызда, өлеңдері жүрегі «Мен қазақпын» деп соққан әрбір адамның жанына қуат беріп, патриоттық сезімін оятары анық.

Сол қиындықпен келген тәуелсіздігіміз – қазақ халқының бостандыққа ұмтылған, асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. «Қаз тұрып, қадам басқан тәуелсіздік сәбилік тұсауын өміршең уақытқа кестірген кезден бастап, осынау 15 жылдың бедерінде айшылық жерді алты рет аттаған алып кекілді, дәуір жалынын мығым ұстап, тізгінін бекем қаға білді», - деп, тәуелсіздігіміздің 15 жылдығында Тлбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, егемен Қазақстанымызды бүгінде бүкіл әлем таныды. Еліміз дүниежүзілік қауымдастықтың терезесі тең мүшесі ретінде демократиялық өркениетті даму жолына түсті. Үш ғасырға созылған ата-бабамыздың арманының жүзеге асқаны, оған өзімнің куәгер болғаным – мен үшін шексіз қуаныш. Бүгінгі 25 жылдық мерейтойымызға орай неше түрлі іс-шаралар жасалды. Алыстан емес, өзімнің туған жерім Таразымда осы мерекеге арналған көрменің ашылуы – оның бір дәлелі. Сондай-ақ, осы себеппен өткен Алматы облысындағы «Мәңгілік елдің тұғыры» атты форумын, Ақтөбеде болған «Қазақстан – достықтың мекені» атты мәдениет фестивалін, ақындар айтысын, т.б. үлкен іс-шараларды атап өтуге болады. Алайда, ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен келген бұл тәуелсіздігімізді, мерейтойымызды өз деңгейінде тойлап жүрміз бе?! Жоғары билік өкілдері дейміз бе, қарапайым халқымыз дейміз бе, тәуелсіздігіміздің арайлап атқан күнін Жаңа жылдық мерекенің көлеңкесіне, қараңғы тасасына жасырып қойған секілді. Атап өтетін болсақ, бір-екі көріністі сомдасақ болғанымыз деп, «жетім қыздың тойындай» өткізе салатынымыз жасырын емес. Мен тек үйдегі кішкентай бауырларымыз Жаңа жылды күткендей, Тәуелсіздік мейрамын да асыға күтіп, ол күннің қаншалықты қымбат, қастерлі күн екенін түсінсе деймін. Қазақ жұрты үшін қасиетті саналатын, тәу ететін ұлық күніміздің өз деңгейінде өткенін қалаймын. Бір күні әлеуметтік желіде отырғанымда, Н.Нұрмағанбетов деген кісінің мына бір пікірін көзім шалды: «Ол – ақ түйенің қарыны жарылып, құлдықтың қамытынан сытылған Алаш жұрты азат ел болған күн емес пе еді, айналайындар-ау? Қазақтың басына бақыт

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

құсы қонған тарихи күннің құны көк тиындай көрінбеуі тиіс еді ғой? Тәуелсіздік мерекесін өз деңгейінде атап өтіп барып, Жаңа жылға дайындалсақ та, жайымен үлгерер едік. Ар жағында екі апта бар. Бірақ құлдық сана дегенің дедектетіп барады... Қорқыныштысы сол, бүйте берсек, қазақ үшін ең ұлық күн – Тәуелсіздік мерекесі ұмыт болатын түрі бар. Түйсігі барға бұл күннің бағасын түсіндірудің өзі артық. Тәуелсіздік - тәу етер негізгі киеміз еді... Ғасырлар бойы аңсаған бостандықты әлі жүйке -жұлынымызбен сезіне алмай жүрміз-ау? Әйтпесе, Азаттықта айналып өтіп, Аяз атаға алақан жаюға, жасыл шыршаның айналасында ойнауға неге бейімбіз?» Бұл кісінің пікірі менің ойыма дәл тиді. Ешқандай да алып- қосарым жоқ. Тәуелсіздігімізді одан ары асқақтату үшін жастарды еркіндігіміздің қадірін терең ұғынуға, жүрегімізбен сезінуге, құрбан болған өжеттеріміздің рухын құрметтеуге шақырғым келеді.

Дегенмен, Қазақстанымды дәл бүгінгі күнге жеткізген, Абылай хан сынды тектілердің жалғасы, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевқа алғысым шексіз. Оның ерен еңбегінің арқасында біздер тыныштықта алаңсыз күн кешудеміз. Аз ғана жылда аспанның астын жайнатып, Тәуелсіздігіміздің тақ-тұғыры болған Астана шаһарын тұрғызды. Еліміздің бірлігі артып, берекесі кірді. Іргеміз тыныш. Түндеріміз бейбіт. Күндеріміз нұрлы. Көк туымыз ашық аспан астында желбіреп, сол жағымыздағы мақтаныш сезімімен дүрсілдеп тұрған жүрек әнұранымызға әуен қосып, әніміз асқақтай шырқалуда. Осындай күндерімізбен тек мақтану аздық етеді. Оны көздің қарашығындай сақтау парызымыз болмақ. Осы заманның талантты ақыны Қалқаман Сариннің:

...Саған жету қиын болса қаншалық,
Сақтап тұру қиынырақ одан да!
Алла берген азаттықтың әр сәті-
Аманат қой
Маған
Саған
Оған да!

- деген жалынды өлең шумақтары қай қазақ баласының болсын жүрегінде бір патриоттық сезім тудырмай қоймайды. Сол аманатты қорғайтын – бүгінгі «арыстандай», «жолбарыстай», «қырандай» күшті жас ұрпақ, біздер. Біздің бүгінгі әдемі әрекеттеріміз, ұтымды ұмтылыстарымыз, білімділігіміз тәуелсіз, мықты мемлекеттің болашағының нұрлы болуы үшін қажет болмақ. Мен қазақ болып туғаным, осындай бай, байтақ өлкеде өмір сүріп жатқаным, қуанамын. Себебі, мен – тәуелсіз елдің патриот қызымын!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Ермұхамбет Арай

10 сынып оқушысы

Ы.Алтынсарин атындағы № 49 мектеп-гимназия

Жамбыл облысы Тараз қаласы

Жетекшісі: Ақылбаева Ләззат Кемпірбайқызы

Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым

«Тәуелсіз Қазақстан!», «Қазақстан Республикасы!». Осындай керемет ұғымдардан Отанымыздың тәуелсіз, еркін мемлекет екенін бірден аңғаруға болады. Бүгінде біз – қанатын кеңге жайған егеменді елміз. Көк туын желбіретіп, әнұранын әуелетіп отырған елміз. Тәуелсіздік туының желбірегеніне, міне, 25 жыл толады. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойы мемлекетіміз бен халқымыз үшін ең басты әрі құнды мереке болмақ. Тәуелсіз еліміз ширек ғасырға жуық уақыт ішінде қаржы дағдарыстарының қиындықтарына қарсы тұра білді, тұрақты даму жолына түсіп, биік белестерді бағындырды, толағай жетістіктерге қол жеткізді, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді. Мемлекет басшысының елді дамытудағы стратегиялық бағдарламалары мерзімінен бұрын жүзеге асып келеді. Биылғы жылды Мәңгілік Ел болуға бекінген мемлекетіміздің бүгінгі мен келешегі туралы ой толғайтын есепті жылы десек, қателеспейміз.

Осы орайда, 2015 жылғы 30 қарашадағы халыққа арнаған Жолдауында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Тәуелсіз мемлекет атанғанымыздың 25 жылдығына аяқ басқалы тұрғанымызды айта келіп: «Бұл - тәуелсіздікті нығайту жолындағы өлшеусіз еңбегіміздің ширек ғасырлық белесін қорытындылайтын мерейлі сәт. Тәуелсіздікті баянды ету оған қол жеткізуден де қиын. Мемлекетіміздің тұғырын мызғымастай нығайта түсу үшін бізге әлі талай өткелі күрделі, өкпегі көп бұралаң жолдардан өтуге тура келеді»- деп, алдағы кезеңде әлі де кездесетін сын-қатерлерден мүдірмей өтуге шақырған болатын. Сонымен қатар, біз үшін жаңа дәуірдің арайлы таңы 1991 жылы 16 желтоқсанда атқанын, сол күні әлем көгінде «Қазақстан Республикасы» атты жаңа жұлдыз жарқырай туғанын мақтанышпен айта келіп, халқымыз Тәуелсіздіктің мызғымас тұғырын бекітіп, Мәңгілік Ел болуға бет бұрғанын атап өткен еді. Қазір алып мемлекетімізді әлем жұртшылығы құрметтейді. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев та Қазақстанның 25 жылда биік тұғырға көтерілуіне елеулі үлес қосты. Ерен еңбегімен Қазақстанның әр азаматының жүрегінен орын алған осындай көшбасшымыздың болғанына да мақтанамын.

«Тәуелсіздік» сөзінің астарына көз жіберіп, ой елегінен өткізсек, ата-бабамыздың ғасырлар бойғы асыл арманы, азаттық жолында құрбан болған талай боздақтардың ұрпақтарына қалдырған аманаты жатыр. Білектің

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

күшімен, найзаның ұшымен, соңғы демі қалғанша туған жерімізді қорғап, бізге аманат етіп қалдырған ұлы даланың ұлы кемеңгерлерінің арқасында бақытты өмір кешудеміз. Түп шежіресі тереңнен бастау алатын қазақ халқы өзінің жер бетінен жойылмай, іргелі ел, салиқалы салтын сақтап қалғаны – оның асқақ рухының арқасы. Ұшқан құстың қанаты талатын осынау кең даланы біздің ата-бабамыз ғасырлар бойы білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап келді. Бұл далада халқымыз сан мәрте соғысты. Тарихқа жүгінсек, ежелден қазақ халқы өздігінен ешқандай соғыс ашпаған, әрқашан бейбітшілікті ту етіп ұстаған бейбіт халық болған. Қазақ халқының ортақ ойы, арманы – бостандық, тәуелсіздік еді.

Тәуелсіздік – халқымыздың бостандығы мен дербес даму жолындағы сан ғасырлық күрес тарихының нәтижесі, ол оңайлықпен келген жоқ. Бұл Тәуелсіздік бізге Кенесары арқылы, қайқы қара қылышты Бауыржан арқылы, қайсар мінезді Қайраттар арқылы келді.

XVIII – XIX ғасырларда халқымыз еркіндік пен тәуелсіздігінен айырылды. Халқымыздың басынан қара бұлт серпілмеді.

Дос іздедім жау тисе болысатын,
Қыс қыстатып, жаз бірге қоныстанатын,
Еділ, Жайық, Ертісті жағаладым
Үміт көрдім құдіретті Ресей атын,

дей келе, өздеріне қорған болатын ел іздеді. Бірақ, Ресей мемлекеті өз мақсаты үшін жерімізді отарлап, халықты аяусыз езгіге ұшыратты.

1917 жылдан кейін де еліміз қиын-қыстау күндерді бастан өткерді, мыңдаған жандар ата-жұртын тастап кетуге мәжбүр болды. Ашаршылық жылдарында да қаншама қандастарымыз опат болды.

1941-1945 жылдар аралығында адамзат тарихында болмаған алапат соғыста қазақ ұландары ерекше ерлік көрсетті, елін қорғады.

1986 жылы желтоқсанда отты оқиға болды. Елдің егемендігін аңсаған жастар ұлттық намыс құдіретін әлемге паш етті.

Осындай талай нәубетті басынан өткерген халық үшін азаттық, бостандық баға жетпес байлық екені даусыз. Қазақ елін бір тудың астына жинап, тәуелсіз ел болу үшін күрескен Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов секілді алаш арыстарының еңбегі өз алдына ерекше. Алаш ұлдарының арман-тілегі ұлттық сананы оятуға рухани түрткі болды.

Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Бұл ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін тәуелсіздік күші – ең қадірлі күш. Бүгінде Қазақстан әлем назарында, өзінің болашағынан үлкен үміт күттіретін, жері бай ел. Ендеше, қазақ халқы, барша қазақстандықтар үшін тәуелсіздік

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

алуымыздың өзі үлкен жетістік деп білемін. Осындай тәуелсіз елде өмір сүріп отырған ұрпақ шын мәнінде бақытты деп ойлаймын. 25 жылда тәуелсіз қазақ елінің қол жеткізген жетістіктерін аз деп айта алмаймыз. Осы жылдар ішінде қыруар істер атқарылды. Жеріміздің шекарасы халықаралық шарттарға сай бекітілді. Мемлекеттік рәміздеріміз, ұлттық валютамыз, жаңа астанамыздың бой көтеруі - тәуелсіздіктің жемістері. Елбасының салиқалы саясатының арқасында мемлекетіміз өркендеп келеді. Ел экономикасы да жылдан-жылға ұлғайып келеді. Білім, медицина, мәдениет салаларында да керемет ілгерілеу бар. Бұл жағынан дамыған мемлекеттермен иық тіресетін жағдайға жеттік. Осындай табыстарымыз Елбасымыздың ерен еңбегінің нақты нәтижесі, жарқын көрінісі екеніне ешкім шүбә келтіре алмайды. Бүгінде еліміз тыныш, жұртымыз аман. Халқымыз тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Елбасы жыл сайын халқына арнаған Жолдауларында еліміз үшін маңызды мәселелерге көңіл бөліп, олардың орындалуына баса назар аударып отырады.

«Алдымызда асу – асу белдер бар, ұлт жолында ұйтқи соққан желдер бар. Бел де талар, жел де беттен қағар. Бәріне төзу керек, бәріне көну керек, жас ұрпақ!»- деп Елбасы айтқандай, біздер, жас ұрпақ, тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін жауапты екенімізді, аға ұрпақ зор сенім артып отырғанын түсінуіміз керек. Бүгінгі партада отырған біздер – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын азаматпыз. Біздің ең бірінші міндетіміз – тәуелсіз елдің өркені екенімізді ұмытпау, екінші міндетіміз – сол елдің іргетасының берік болуына үлес қосу, тәуелсіз елдің патриоты екенімізді дәлелдеу. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу – біздің басты бағытымыз деп есептеймін. Біз білім ғасырында өмір сүріп жатырмыз. Біздің алға қойған мақсатымыз – өткенімізді білетін, бүгінді түсінетін, ертеңімізге сеніммен қарайтын азамат болу. Тәуелсіздік біздің алдымыздан жарқын болашаққа үлкен жол ашып берді.

Елімнің ертеңінен, болашағынан жүрегім қорықпайды, керісінше, қуанады, ендеше, келешегім нұрлы болмақ. Мен қазақ болып туылғаным, осындай бай, байтақ өлкеде өмір сүріп жатқаным бақыттымын. Өйткені, мен тәуелсізбін, тәуелсіз елдің тәуелсіз ұрпағымын! Тәуелсіз елім, Қазақстан, жаса, жайнай бер!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Жұмабек Аяулым

10 сынып оқушысы

Облыстық ерекше дарынды балаларға арналған
мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты

Жамбыл облысы Тараз қаласы

Жетекшісі: Дүйсенбаев Базарбай Рысбайұлы

Тәуелсіздіктің бақытты балалары

Дүниеде тәуелсіз Қазақ елі бар. Әлемде егемен Қазақстан бар. Оның көп ұлтты, тату, ынтымақшыл халық бар. Қуатты экономикасы, сенімді саяси жүйесі бар. Ең бастысы – бүгіннен нұрлы, бүгіннен кемел болашағы бар. Сол күнге берік сенім бар!

Нұрсұлтан Назарбаев

Халықтың тілеуі бабалар арманы орындалған, Тәуелсіздігіміздің 25 жылы құтты болсын», - деген құрбымның хаты мені ерекше жылулық нұрымен өзіне тарта түсті. Әрбір Ұлы Даланың перзенттері бұл мерекені жүрегімен сезіне және мақтана білу керек... Одан әрі досым ойын жалғастыра түсіп:

- Бәйтерек – Астананың сондай-ақ менің мәңгілік мақтанышым. Мұнда өзге ұлт өкілдерінің балаларымен бірге сабақ оқимыз және ойнаймыз. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті тұрамыз. Біздің өзгелерден ерекшелігіміз осында, - депті. Хатты оқып шығып, мен де бір сәт ой құшағына бөлендім:

- Мен Тәуелсіз еліміздің бақытты ұрпағымын. Халқымызда «Бақ берерде елге ырыс қонады, ұстанған жолы дұрыс болады» деген даналық сөз бар. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді» деген Елбасы сөзі менің келешегімнің жарқын болатынына сенім ұялатады, - дедім құрбыма жазған хатымның алғашқы сөйлемінде.

Естеміс, Бумын, Ер Түрік,

Сөз сөйле содан келтіріп.

Білге қаған, Елтеріс,

Жеңіске жеткен жең түріп.

.....

Күлтегін, Тонькөк тегіміз,

Ежелгі түрік еліміз.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Алтайдан Альпыға дейін
Созылып жатқан жеріміз.

- Құрбым, қарашы біздің Тәуелсіз жеріміз қандай кең, бабаларымыз «Мәңгілік Ұлы даланың» тарихын атының тұяғымен жазған дегені осы емес пе?.

Көк айдынды Каспийден – кенді Алтайға, қарт Оралдан – ақ басты Алатауға дейінгі аралықты алып жатқан кең байтақ қазақ жеріне - тұтас алғанда: 40 Израиль, 10 Швейцария, 2 Франция, 6 Албания, 5 Белгия, қос Германия сыйып кетеді екен. Қазақтың осы ұланғайыр маң даласын Қоңыраттан шыққан Алпамыс батыр, Қарақыпшақ Қобыланды, Қамбар батыр мен Ер Тарғын, Қабанбай мен Бөгенбай, Бұқарбай мен Ағыбай, үш жүздің басын қосқан Абылай, Кенесары мен Наурызбай, Жалаңтөс пен Жанқожа батырлар қоғап келді, қорған болды. Иә, бұл – Ұлы Даланың тарихы..

Енді, міне, сол Тәуелсіздігімізге 25 жыл.

Көне тарих халықтары өзінің ерік-жігерін, ақыл-парасатын, қажыры мен қайратын биік мұрат жолындағы жасампаздық істерге жұмылдырған кезеңдерде небір қиындықтарды еңсеріп, дамудың ғажайып асқар биігіне көтерілгенін көрсететін жарқын мысалдары көп.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз сөзінде «Біз өзіміздің ұлттық ойлау жүйемізді, тарихи танымымызды, рухани мәдениетімізді барынша терең дамыта отырып, барлық салада рухани тәуелсіздікке жетуіміз керек ...» деуі және бұл жолда «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» деп халықтан бөліп жармайтын аталы сөзі - Тәуелсіз еліміздің әрбір азаматының ел алдындағы, Отан алдындағы парызы.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде әлемдік мәдениетке жұтылмай, өз салт-дәстүрін сарқыттай емес, сары алтындай сақтап, ұрпағына аманат етіп отырған, дәстүрін дәрменсіз күйде қалдымай дәуірлетіп отырған ұлттар мен ұлыстар жер бетінде аз.

Ойыма Кеңшілік Мырзабековтың
Туыңды көтер,
Туыңды көтер, туыңды!
Туыңды көтер!
Таптатпау үшін тұғырды.
Неліктен ерлер көтеріп туын жығылды,

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Неліктен ерлер астына тудың жиылды.

Отаның – біреу,
Жүрегің – біреу,
Ту – біреу.

Сондықтан жөн ғой «жүректен туым туды» деу.

Отаны, жүрегі, туы біреу ел- Қазақстан деп мақтанышпен айтар едім.

Жақында ғана теледидардан Елбасының әлем жұртшылығына қарата айтылған мына сөздері адамзат баласына ой салатыны сөзсіз.

Н.Ә Назарбаев: «Ғаламшардың бүгінгі шиеленістер, соғыс және тұрақсыздықтар жайлаған аймағында 1,2 миллиард адам тұрады. Күн сайын 42 мың адам қауіпсіздік жолында өз үйлерін тастап кетуге мәжбүр, 33 мың адам жер шарында жасалған 13 мыңнан астам террорлық актілердің құрбаны болған, 100 миллионнан астам адамның баспанасы жоқ, 300 миллионнан астам адам жұмыссыз, бір миллиардқа жуығы ашығуда, бұдан балалар да, үлкендер де қаза болуда. Мұндай мысалдарды көп келтіріп берер едім», - деді. Елбасының келтірген мысалдары балалықтың балғын шағын бастан кешірген менің жүрегімді дір еткізді. Ойпырмай, әлемде талай қиын сәттер өтіп жатыр екен-ау. Ендеше, сол мыңның, миллионның бірі болмаймын десең, оттан ыстық Отаныңды сүй, ел ынтымағына үлесінді қос деп түсінем. Шүкір, Қазақ елі мүлдем басқа жағдайда, ынтымақ пен бейбітшіліктің арқасында, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманда өмір сүріп жатқанымызды бағалауымыз қажет. Әрине, Елбасының арқасында. Ел бірлігі, татулық - Қазақ елінің символы, бабалар тілегі.

Бүгінде Елбасының «Төрткүл дүниенің төрт құбыласынан тұрақты дос, айнымас әріптес, сапарлас серіктес, қоңсысы бұзылмас көрші тапқан Қазақстан жаңа мыңжылдықтың ұлы көшінде керуен тартып келеді» деуі тәңірі нәсіп еткен қазақ даласы – Ұлы Түрік елінің қара шаңырағы екенін делелдей түскендей.

Біз әрқашанда Елімізбен, Елбасымызбен, Тәуелсіздігімізбен мақтанамыз.

Алаштың ардақты ұлы Ә. Бөкейханұлының монологуі Тәуелсіздік жолындағы бүкіл ұлттың тілегі мен арманы сияқты.

Мені әлдилеп өсіріп ең дана жыр
Сақал қойып шалға айналып бала жүр.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Жаратқаннан жалбарынып сұраймын
Қазағыма көз қырыңды сал жүр
Мендік көңіл ағыл – тегіл жылап тұр
Соған қарап халқым енді құлақ тұр
Жүрегінде батпандай боп тас жатса
Ауырса да жұлып алып лақтыр.

- Бүгін біз - Тәуелсіздіктің бақытты балаларымыз. Біздің жадымызда үнемі Елбасының мына сөзі жатталуы тиіс. «Халық кешпейтін бір – ақ нәрсе бар: елдің қолына зарықтырып келіп қонған бақыт құсынан – Тәуелсіздіктен айырылуды кешпейді» 25 жыл бойы көздің қарашығындай қорғаған, өсірген, аялаған Тәуелсіздік енді біздің мәңгілік біздің еншімізде, - деп аяқтадым досыма жазған хатымды.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Құрманәлі Маржан

**10-сынып, ерекше дарынды балаларға арналған
мамандандырылған "Дарын" мектеп-интернаты,
Жамбыл облысы, Тараз қаласы
Жетекші: Айсаева Күләш Мұхтарқызы**

Тәуелсіздік-мақтанышым

Заманның жеңіп қатер-қауіптерін,
Бақытын еркіндіктен тауыпты елім.
Тербетем Тәуелсіз күн талбесігін,
Жаңбырдай маңдайымнан жауып терім.
Марфуға Айтқожа

Тәуелсіздік... рух пен жігерді, күш пен қайратты шыңдап, жүрекке жылу ұялататын бұл жалғыз ғана сөзде қандай құдірет бар десейші! Бұл-әрбір дала перзентінің көкірегін кернеген мақтанышпен айтатын сөз.

Осы сөзді естісем, бесінші сынып оқып жүрген кезім есіме түседі. Қазақ әдебиетінен сабақ беретін мұғалімім жаныма келіп: "Алда келе жатқан Тәуелсіздіктің 21 жылдық мерекесіне орай жас ақындардың арасында ақындар байқауы болғалы жатыр, біз де қатысайық, бағынды сынап көр", - деген еді. Алайда 10 жастағы ойын баласының ойына не келеді... Үйіме барып, өлең жаза бастадым. Сенбейтін шығарсыз, бірақ сөз өздігінен төгіліп жатты. Біреу келіп сыбырлап тұрғандай болды. Осылай тәуелсіздік туралы 7 шумақ өлең туды. Бесінші сынып оқушысы үшін бұл қомақты дүние, әрине.

Бақ періште қонды менің басыма,
Сыр шертейін отыра ғой қасыма.
Тәуелсізбін! "Тәуелсіз" деп жар салам,
Ата-баба әруағының басына.

Тәуелділік аямады ұлдарын,
Аз болмады азап шеккен қыздарың.
Соқыр болып қалғаны жақсы емес пе ед,
Көргенінше, сұлап жатқан тарланын...

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Осылай басталатын жырымды үлкен сахнада оқып болған соң,көзіме еріксіз жас келді. Сахна сыртында біраз жыладым,бірақ не себепті екенін ұққаным жоқ.

10 жасар ойын баласын тебірендіретін,көңілге қуаныш,көзге жас ұялататын бұл сөзде қандай күш,қандай ұлылық бар еді?!Мен соны бүгін ұққандаймын,ол -қуаныштың көз жасы еді. Маған бірінші дәрежелі Дипломды ұстатты. Бұл- менің алғашқы жетістігім.Содан бері бес жыл өтіпті. Бес жыл бұрынғы сынаққа қайта қатысуыма тура келді.Бұл жолы өлең емес,шығарма жазу сыбағасы бұйырды.Менің бес жылдың ішінде түсінік-танымымның қаншалықты өскенін сараптайтын сәт туды.Мен қалың ой құшағындамын...

Біз,қазақтар,туылғанмыздан,болмысымыздан тәуелсіз халықпыз.
Халқым

дегенде, көз алдыма шалқар дала, қиқулаған аққу-қаз, айдын көл, жібектей толқыған ақ селеу, қоңыраулатқан бозторғай, хош иісті көк шалғын, отар-отар қой мен үйір-үйір жылқы, қара домбырамның үнімен тербелген тәуелсіз аспанның астындағы "мың өліп мың тірілген "қалың қазағым елестейді. Ақ білектің күші,ақ найзаның ұшы-тірегіміз,жалынды жырлар-рухымыз,аттың үстінде өткізген күніміз,өткізген түніміз-күйреген жау қолы мен шабылған жау басының нәтижесі,бүгінгі тәуелсіздігіміздің діңі еді. Ендеше,"Тәуелсіздік-тәтті сөз емес,- деп Дүкенбай Досжан ағамыз айтқандай ,"-ол- әр сайда,әр абақты қуысында домалап қалған қазақтың басы." Мен де қаламгердің ойын өз әлімше жалғастырдым: Ол-алаш деп түнемесі дөңбекшіген бабаларымыздың , ағаларымыздың төккен қаны...ол- апаларымыздың,әпкелеріміздің көрген қорлығы,жұлынған шашы, қанды жасы.Ол-халқымыздың ұлы уайымы,

ұлы қасіреті...Осының бәрін біле тұра, мен қалайша елімді, жерімді, ұлтымды, халқымды сүймейін?! Елбасы айтқандай,"Бостандық пен тәуелсіздікті жеңіп алу жеткіліксіз,оны табанды түрде қорғап нығайтып , ұрпақтарға қалдыру қажет ." Мен бұл сөзбен толықтай келісемін,әрі осы жолда елдің ертеңі болар, біздер, жас ұрпақтар, келешегімізге үлкен сеніммен қарап,болшағымыздың жарқын болуы үшін қосар үлесіміз бар деп білемін.

Тәуелсіздік-еліміздің тұғыры,бүгінге дейін жеткен ең үлкен жетістіктеріміздің бірі де бірегейі. Мен осыны ұқтым. Осы оймен көшеде серуендеп келе жатып тақтайша орындыққа келіп отырдым. Күздің суық желі бетті сипап,тоңдырады. Айналада күйбең тіршілігімен жүгіріп жүрген жандар көп.Тарих беттерінен оқыған осыдан отыз жыл бұрынғы ызғарлы

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

күн есіме түсті. Бір-бір үйдің мақтанышы,еркесі болған қазақтың боз бала мен бойжеткендерінің басынан өткен желтоқсанның ызғарын бұл күнде бірі білсе,бірі білмейді...

Бір сәт алдымнан өтіп бара жатқан әке мен баланың әңгімесіне құлақ түрдім.

-Әкешім,маған тәуелсіздік деген не екенін неге айтпадыңыздар?Бүгін апайым менен тәуелсіздік туралы сұрап еді,мен білмей қалдым.Сосын апайым өзі бәрін түсіндірді,-деп өкпелей сөйледі. Шынымды айтсам,не қуанарымды,не жыларымды білмедім."Тәрбие тал бесіктен " демеуші ме еді бабаларымыз. Тарихымыз бен ұлттық құндылықтарымызды келер ұрпаққа бала күнінен айтып,мұра қылып қалдыру керек екенін ұққандаймын . Жастайынан өзінің тегін,тарихын біліп өскен бала болашақта елі мен жерін сүйетін нағыз патриот болып өсері анық. Біздер, Мағжанның сенген жастары, ұлы Абайдай,жыр алыбы Жамбылдай, Шәкәрімдей, Сәкендей, Мұхтардай,Мұқағалидай ұлы дарындылар мекеніне, қазақ даласының қасиетті топырағына бас иеміз,батыр бабаларымыздың шашақты найзамен қызғыштай қорыған,ұрпағына аманат-мұра етіп қалдырған кең байтақ жерін Мәңгілік елге айналдырамыз!

Тәуелсіздік-қасиетті бұл ұғым,
Тәуелсіздік-ұлы дала,ұлы күн.
Тәуелсіздік құт қондырған еліме,
Тәуелсіздік-менің мәңгі ғұмырым!

-деген жыр жолдарымен шығармамды аяқтап,
байқауға ұсындым.Бес жыл бұрынғы жетістік қайтадан қайталанса екен деген үміт оты оянды...